

**"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540
бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 583 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 желтоқсанда № 10034 тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

65-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоспарлы тағайындаулар мен бұрын жүргізілген кассалық шығыстарды көшіруді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның хатының негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшелері мынадай жағдайларда:

1) құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, орталық мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олардың оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санының функциялары мен лимиттері өзгерген;

2) республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерді нақтылау;

3) Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныпамасына өзгерістер енгізген;

4) аумақтық қазынашылық бөлімшеде мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету орны өзгерген;

5) шығыстардың экономикалық сыныпамасы ерекшеліктерінің құрылымына шығыстардың түрлерін өзгерту бөлігінде өзгерістер енген;

6) ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті орталықтандыру/орталықсыздандыру туралы шешім қабылдағанда;

7) секвестрде жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 183-1-тармақпен толықтырылсын:

«183-1. Секвестр салдарынан және/немесе тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде туындаған есепті жылдың азаматтық-құқықтық

мәмілелері бойынша мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалары бойынша кредиторлық берешекті өтеу келесі қаржы жылында бөлінген қаражат есебінен жүргізіледі.» ;

303 - тармақта :

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті нақтылау (түзету) немесе секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару үшін төмен тұрған бюджеттер белгіленген тәртіппен тиісті бюджетті нақтылауды (түзетуді) жүзеге асырады. Төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының тиісті кодын Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулылары қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке азайтуға немесе алып тастауға жататын нысаналы трансферттер сомасын қайтаруды қамтамасыз етеді.» ;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (З. А. Ерназарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

<i>Қ а р ж ы м и н и с т р і</i>	<i>Б. Сұлтанов</i>
<i>« К Е Л І С І Л Д І »</i>	
<i>Қазақстан Республикасының</i>	
<i>Ұлттық экономика министрі</i>	
<i>Е. Досаев</i>	

<i>2014 жылғы «____» _____</i>	

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасы
Ұлттық банкінің төрағасы
----- Қ. Келімбетов

2014 ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ